

## ОТАРШЫЛ САЙҚЫМАЗАҚ

### 1. Өрісі тар, ойы келте

Адамзат тарихындағы ең зор және ең зұлым империя – советтік Ресейдің туы жығылып, шылпара ыдырағанын өз көзімізбен көрдік. Бірақ ежелгі Ресей – адамзат мәдениетіне сыбағалы үлес қосқан Орыс елі өз орнында. Әлемдік құрылықтың жетіден бір бөлігін қамтитын бұл алып мемлекет өзінің жер көлемі жағынан ғана емес, табиғи және қазына байлықтары тұрғысынан да, халқының саны жөнінен алғанда да, дүниедегі ең үлкен, көрікті және бай, болашағы күшті елдердің қатарына жатады. Советтік заманмен салыстырғанда аумағы азайғаны рас, бірақ байыбына барсақ, бүгінгі Ресейдің ұтылғанынан ұтқаны көп. Бұрын Совет Одағындағы халықтың тең жарымына әрең жеткен орыс енді жаңа Ресейде жалпы жұрттың сексен проценттен артығын құрайды. Орыстан соңғы үлкен ұлт, шашырай орналасқан татардың федерация құрамындағы үлес салмағы үш процент қана. Басқалары бір процент, бөлшек проценттен. Бұлардың көпшілігі біржола орыстанған. Негізгі ұлттық автономиялар шет елдермен шекарадан тыс, Ресейдің өз ішінде. Бүгінгі орыс елінде тіл алалығы да, діни қайшылық та жоқ. Ең бастысы – тоталитарлық тәртіп құлады, демократиялық негіздегі қоғам орнатып, өркениетке біржола бет бұруға мүмкіндік туды. Алайда, соңғы төрт ғасыр бойы жарым дүниеге өктемдік жасап үйренген империялық сана сол калпынан айнамай тұр. Бүгінгі Ресейдің билеушілері бұрыннан қалыптасқан зорлықшыл саясатты одан әрі жалғастыру ниетінде. Ал өкіметке қарсы оппозиция одан да сорақы, Совет Одағының бұрынғы шегіне қайтып оралуымыз керек деп ашық жариялап жүр. Әсіре орысшылдық, дөкір шовинизм, тіпті, фашистік пиғылдар бүгінгі Ресей қайраткерлерінің әдепкі ұранына, машықты сөзіне айналды. Десе де, дәл қазіргі кезеңде Ресей отаршылдығының, орыс шовинизмінің ең үлкен қайраткері – Александр Солженицын болып отыр.

60-70 жылдарда советтік қапас лагерьлер шындығын көрсеткен, коммунистік тоталитарлық тәртіпті әшкерелейтін шығармалар жазған Солженицын өз отанында ғана емес, әлем жұртшылығы алдында да біршама бедел алған еді. Империя шегіндегі барлық халық, сол халықтар ортасынан шыққан зиялы қауым Солженицынға тілектес болды; әрине, көпшілік жұрт өз ойын ашық айта алмады, ашық айтқандар қудалауға ұшырады. Мұндай жағдай арғы орыс ішінде ғана емес, бергі қазақ арасында да болды. Ресейден келген қаламдас меймандармен әдепкі сұхбат үстінде Солженицын туралы оңды сөз айтқан белгілі қазақ ақынының қаншама шырғалаңға түскені, ақыры әдеби газеттің бас редакторлығы қызметінен босатылғаны есімізде.

Солженицын әсіресе батыс жұртшылығы тарапынан күшті қолдау тапты, батыс демократиясының, батыс өркениетінің арқасында бүгінгі дәрежесіне жетті. Атап айту керек, барлық уақытта да Солженицынның абыройын көтерген – оның қаламгерлік шеберлігі, ойшылдық қуаты емес, советтік Гулаг, коммунистік қапасаға қарсы айтылған пікірлері, осы орайдағы азаматтық қайсарлығы болатын. Советтік империя жүргізген үлкен террор, бүкіл елді шырмаған Гулаг жүйесі батыс жұртшылығы үшін құпия емес еді, мұның бәрі зерттелген, жазылған, тіпті, Солженицынның өресі жетпеген көптеген мәселелер, оның ішінде, 1931-1933 жылдары Украина мен Қазақстанда болған, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық турасында да айтылған; бірақ шығыстағы жұрт темір перде тасасында мұның бәрінен бейхабар еді, сондықтан Солженицын еңбектерінің барлығы да жаңалыққа толы, өзгеше әуез болып көрінді; ал батыстағы зиялылар коммунистік қапастың терең түкпірінен шыққан дауысқа таңырқай, мейірлене қарады, жалпы жұрт Еуропа және Америка зерттеушілерінің советтер туралы айтылған, адам сенгісіз, ақылға сыйымсыз деректері мен толғамдарына нақты дәлел тапты, қараңғы қапас ішінен шыққан сәуле ретінде Солженицынға бар жақсылығын үйіп-төкті. Егер батыс демократиясының жан-жақты да батыл, риясыз әрі тікелей көмегі болмаса, әуелгі, “Новый мир” журналында жарияланған “Иван Денисовичтің бір күні” атты шағын повесінен соң-ақ Солженицынның үні өшетін еді. Батыс демократиясы Солженицынды КГБ-ның шеңгелінен шығарды, советтік мый батпақтан суырып алды.

Енді міне, қуғында емес, курортта болған, екі жыл Батыс Еуропада, он сегіз жыл Америкада тұрып, дүниені үрлеп ішіп, шайқап төккен, мүмкін болған абырой-атақтың бәрін алған Солженицын өткен аптада отанына қайтып оралды. Ресей шегіне табаны тиер-тиместен-ақ жазушылық атақпен жанаспайтын, ойлы азамат, арлы адамның ісімен сайыспайтын істерге кірісіп кетті. Өзін шыңыраудан сүйреп шығарған, жеткізген, жетістірген батыс демократиясын мансұқ етті, Ресейді қалайша оңдау керектігі жөніндегі ескі әнін қайталады, онсыз да тарығып отырған жұрттың жүйкесін құртып, бар бақытсыздықты басқадан көретін әсіре орысшылдарды одан әрмен қоздырды, ең бастысы – ежелгі Ресей империясын қайта көтеру туралы бұдан бұрын мәлім ойларын тағы да тәптіштеп айтты.

Солженицынның пайымдауынша, Ресей империясын қалпына келтіріп, ежелгі күш-қуатына жеткізудің алғы шарты – оның қазіргі жер көлемін ұлғайтуға саяды екен. Бұдан екі-үш жыл бұрын, “Ресейді қайтсек оңдаймыз” деген мақаласында қадап айтқан, одан соңғы мақалалары мен сөздерінде неше мәрте жаңғыртқан әуені – Ресейдің байырғы жерлерінің бірқанша бөлігі Украина мен Қазақстанға кетіп қалды деген байбалам. Солженицынның және онымен пікірлес орыс шовинистерінің әлемде украин деген халық жоқ, яғни, мұндай есімді мемлекет те заңсыз деп бастаған сайқымазақ сөздері қандай нәтиже бергені көпке аян. Бізбен ежелгі қыпшақ заманынан туысқан, XIX-XX ғасырларда отарлық кепті

бірге кешкен, күні кешеге дейін азаттық үшін бірге күрескен украин халқы бұл жолы да ешкімге есесін жібермес. Еуропадағы ең үлкен мемлекеттердің бірі, елу миллиондық Украинаға ауыз салу – есердің ісі. Бірақ бізді де құдай тегін жаратпаған. Бүгінгі Қазақстан – дүниенің барлық елдері таныған, тәуелсіз ел; Біріккен ұлттар ұйымының мүшесі, дербес шекарасы, өзіндік мемлекеттік құрылымы қалыптасқан. Жер көлемі жөнінен алғанда әлемде тоғызыншы орында тұрған Қазақстан республикасының байырғы халқы қазақтың атам замандардан бастау алатын неше мың жылдық тарихы, өнегелі дәстүр-салты, биік мәдениеті бар, қазір дүние жүзінде үш мыңнан астам халық атауы болса, қазақ халқы өзінің демографиялық көрсеткіші тұрғысынан алғанда әлемдегі саны ең көп жетпіс халықтың қатарына қосылады. Қазақстан республикасы шегіндегі қазақ өзінің мыңдаған жылдардан бергі ата қонысында отыр. Мұның бәрі – талассыз ақиқат, кез келген сауатты адамға белгілі дерек. Алайда, әсіре орысшылдықтан басқа иманы жоқ Солженицынның ұлт мәселесіндегі шындық туралы түсінігі ешбір тарихты танымайды, ешқандай қисынға бағынбайды.

Ата Қазақта: “Білгірді мылжың жеңеді, мылжынды қылжың жеңеді, қылжынды езген жеңеді, езгенді құдайдан безген жеңеді” – деген сөз бар еді. Үлкен бе, кіші ме, өз дәрежесіндегі жазушылықтан қалып, дүмбілез саясаткер кәсібіне көшкен Солженицын мырзадан осы айтылған ерекше қасиеттің бәрі де табылады, бірақ құдайдан қанша безсе де жеңіс әпермейтін өңбес дауды қуып отыр. Солтүстік Қазақстан қай заманда Ресейге тиесілі болып еді? Хрущев патшалығынан беріде Тың өлкесі аталған қазақ облыстарын айтасыз, бүкіл Сібір мен Қиыр Шығыс, қала берді қазіргі Ресей федерациясының құрамындағы Азияға орыс әулетінің табаны қашан тиді? Қазір “Волга – русская река” – Орыс өзені Волга аталып жүрген Еділ дариядан орыс баласы су іше бастағаннан бері қанша уақыт өтті? Мұның бәрі, басқаны былай қойғанда, кешегі советтік орта мектеп оқулығынан мәлім жағдайлар. Әйтсе де, манағы қазақ мәтелінің аяғынан басына шығып, бұрынғы білгірлер нақты таңбаланған бірнеше дерекке жүгінейік.

Өткен тарихқа үстірт көз жүгірткеннің өзінде Ресей империясы бір күнде құралмағанын, XX ғасырдағы шегіне жету үшін бес жүз жыл бойы тынымсыз жаулаушы соғыстар жүргізгенін, төңірегін тегіс жайпап, жолындағының бәрін тапап, аяусыз қантөгіс, адам айтқысыз езгі нәтижесінде ғана әлемнің алтыдан бір бөлігіне ие болғанын көрер едік. Кейінгі зор Ресейге ұйтқы болған шағын ғана Мәскеу кнәздігі XV ғасырдың екінші жартысында, Қалталы Иванның тұсында епті саясат арқасында бірте-бірте көтеріледі, таяу төңірегіндегі жеке-жеке орыс кнәздіктерінің біразын әр түрлі жолмен өзіне қосып алады. Сөйтіп, ғасырдың аяқ шенінде Мәскеу кнәздігі бытыраңқы Ресейдегі ең үлкен мемлекеттік құрылымға айналады. Алтын Орда әлсіреген заманда біршама күш-қуатқа жеткен Мәскеу кнәздігі ежелгі орыс жерін біріктірумен, осы негізде ұлттық мемлекет құрумен ғана шектелмейді, жаңа жер жаулап, төңірегін тегіс жайпай бастайды. Қалталы Иванның

заманында-ақ өздерінің ұлыстық, тайпалық құрылымы болған карел, коми, мордва, удмурд халықтары Мәскеуге біржола қаратылады. Бұдан соң кешегі Алтын Орданың орнында қалған хандықтарға қарсы басқыншылық соғыстар басталады.

Ресейдің бүкіл түрік халықтарына, қала берді кең-байтақ Азия құрылығына аттар адымын қысқартып, мазғымас тас қамал болып тұрған – Қазан хандығы еді. Мәскеу княздігі 1469 жылдан бастап, айналасы сексен жыл ішінде Қазанға қарсы сегіз рет қанды жорық ұйымдастырыпты. Жеті мәрте тұмсығы тасқа тиіп, кері қайрылған. Ақыры сегізінші ретте, 1552 жылы күзде Қаһарлы Иван патшаның жалпы саны бес есе артық әскеріне қарсы бір жарым ай бойы қайтпай соғысқан Қазан біржола құлайды; Қазандағы мың сан халықты еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін тегіс қылышқа шалған Қаһарлы Иванның қанқұмар қаталдығы тек шығыс халықтарын ғана емес, батыс жұрттарын, тіпті, Рим папасының өзін түршіктіреді. Арада төрт жыл өткенде Хажы-Тархан хандығы жауланады, сөйтіп, біздің эрамыздан арғы замандардан бері түрік қауымының құт мекені болып келген ұлы анамыз Еділ дария орыстардың иелігіне көшеді. Қазан құлағаннан соңғы кезеңде жаңа жер жаулау, талау мен тонауды ата кәсібіне айналдырған, от қаруды еркін игерген орыс мемлекеті біржола күшіне енеді. 1557 жылы Башқұртстан бодандыққа түседі. Удмурд, Адыгей өлкелері бағындырылады. 1582 жылы көктемде Сібір хандығы жаулана бастайды, осы жылы күзде Сібір астанасы Ескер қаласы құлайды. Атаман Ермак бастаған, кэззаптар мен қарақшылардан құралған орыс әскері мол байлыққа кенеледі, тоналған, тартып алынған қазыналардан Мәскеудегі Қаһарлы Иван патшаға арнап тұтас бір керуен аттандырады; содан соң ықпал аймағын кеңейтіп, Ертісті өрлеп, жер шала бастайды. Бірақ Қазақ Ордасынан біршама көмек алған сібірлік түріктер қандыбалақ Ермактың басын жояды, жасағын талқандайды. Әйткенмен, үсті-үстіне келген жаңа әскер Сібірді қайта алады, ақыры, 1598 жылы Көшім ханды ата жұртынан біржола аластайды, байтақ өлке Ресей құрамына енеді, бұдан соңғы жерде орыс патшасы өзінің басқа атақ-дәрежелерінің үстіне царь Сибирский – Сібір патшасы деген тағы бір лауазым қосып жазатын болады.

Ресей мен Қазақ Ордасының, яғни, орыстар мен қазақтардың мемлекеттік дәрежеде алғаш рет бетпе-бет келуі – осы Сібірдің жаулану заманында. Батыста Ноғай Ордасымен, оңтүстікте Бұқар хандығымен, шығыста Моғолстан, терістік-шығыста Дүрбін-Ойратпен соғыс жағдайында тұрған қазақтар Сібір оқиғасына белсене араласпайды, бірақ орыс әскерін ел ішіне енгізбейді. Сібір хандығымен арада қалыптасқан шекараны берік ұстайды. Тарихи құжаттарға қарағанда, Сібірді уысына түсірісімен-ақ Ресей оңтүстік тарапқа, яғни, қазақ даласына қарай жылжуды ниет еткені көрінеді. Бірақ сол замандағы орыс әскербасыларының патша ағзамға, елшілік дуанына жолдаған мәлімдемелерінде бұл бағыттағы жорықтан нәтиже шықпайтыны, өйткені кең даланы мекендеген көшпелі жұрттың саны мол әрі әскери қуаты жоғары екені атап айтылған. Солженицын мырза Ресейдің ежелгі үлесі

деп жариялап отырған аймаққа сол бір замандарда бір орыс аяқ баса алмаған.

Қазақ Ордасына батпаған Ресейдің шығыс беті ашық еді. Мүлде иен емес, ол жақта да өзінің еркін ғұмырын кешіп жатқан аңшы, малшы, балықшы қаншама тайпа бар. Шығысқа қарай тасқындап төгілген Ресей Сібірді жаулап бітіп, Қазақ жорығынан бас тартқаннан соң, арада елу жыл өтер-өтпесте Тынық мұхиттың жағасынан бір-ақ шығады. Жүрген жерінде өртелген ауылдар, үйілген өліктер, ойрандалған қоныстар қалады. Бұл кезде қол бастаған қарақшы жендеттердің барлығы да кейінгі және қазіргі орыс тарихында Первопроходцы, яғни, жол ашушылар деп мадақталады, ұлттық қаһарман дәрежесінде бейнеленеді, ал шектен тыс қанішерлігімен сол замандағы орыстардың өзін жиіркендірген Ерофей Хабаровтың атында үлкен қала бар. Ресейдің бұрынғы-соңғы ресми саясаты отаршылдыққа негізделгені осының өзінен-ақ анық байқалады.

XVII ғасырдың орта шенінде Тынық мұхитқа шыққан, әуелгі Мәскеу княздігінің жерінен жүз есе артық, ұлан-байтақ аймаққа ие болған Ресей бәрібір тоймайды, қанағат қылмайды: өндіруші емес, тұтынушы кебіне көшкен, басқаның байлығын тартып алуды ең оңай кәсіпке айналдырған Ресей отаршылдары ықпал аймағын кеңейте түседі, жаңа жұрттарды бодандыққа жегеді. Бірақ жүз елу жыл бойы Қазақстан шегінен аттап өте алмайды. Сібір жауланғаннан соңғы бір жарым ғасыр бойы тынымсыз жүргізілген шекара соғыстарының барлығы да Ресей үшін нәтижесіз аяқталады.

XVIII ғасырдың бас кезінде Солтүстік соғыста Швецияны жеңгеннен соңғы жерде Петр Бірінші патша Қазақ Ордасына айрықша назар аударады, осы елдің Азияның қақпасы екендігін, жат құрылыққа терең бойлап ену үшін оның кілтін иелену қажетін айтады. Бұл – Дүрбін-Ойратпен арадағы екі жүз жылдық соғыстың қазақтар үшін ең бір сәтсіз кезеңі еді. Ғасырдың 20-жылдарында ауыр жеңілістерге ұшыраған, ежелгі тұтастығы бұзылған Қазақ Ордасының жаңа әміршілері ел-жұртты сақтап қалу жолында әртүрлі әскери және дипломатиялық амалдар іздестіре бастайды, соның бір тармағы ретінде қуатты Ресей империясымен ынтымақ мәселесі алға тартылады. 1731 жылы Қазақстанның терістік-батыс аймағының әміршісі Әбілқайыр хан Ресейге бодандық туралы келісім береді, арада оншақты жыл өткен соң бұл мәмлеге Орталық Қазақстан әміршілері де көнеді. Атап айту керек, ол замандағы бодандық туралы келісім шарттардың ешқайсысы да Қазақ Ордасын мемлекеттік тәуелсіздіктен айырмаған, қазақ халқын отарлық құлдыққа байлап бермеген. Ресей мен Қазақстан арасындағы XVIII ғасырдағы келісім шарттардың бәрі де әскери одақ, өзара тыныштық және империяның ұлық қамқорлығы мәселелерін ғана негізге алған. Қалай дегенде де, осындай келісім шарттардың болуының өзі Ресейдің Қазақстанды дербес мемлекет ретінде қарастырып, өз ықпалына түсіруге, өз отарына айналдыруға тырысқанын көрсетпей ме. Солженицын мырза айтқандай, бұл аймақ ежелгі орыс жері болса, қуатты Ресей әлсіреген қазақ хандығымен

келіссөз жүргізіп несі бар. Хош. Әліптің таяқ екенін дәлелдейміз деп шаршадық. Ары қарай кетейік.

Әбілқайыр хан Ресейге сөз жүзінде ғана бодан болды, бұдан соң ежелгі Қазақ Ордасын қайта көтерген Абылай хан сөз жүзіндегі бодандықтың өзін сақтамайды. Ресей өкіметі 1781 жылы Абылай хан өлгеннен соң ғана, онда да әскери жолмен емес, саяси әдіс-тәсілдермен қазақ даласын біржола отарлау ісін жүзеге асыра бастайды. Бізге дейінгі советтік Үлкен және Қысқаша энциклопедияларда, советтік Қазақстанның коммунистік тарихында атап көрсетілген: Қазақ елін толығымен және түбегейлі отарлау мақсатында Ресей империясы шекара аймақтарда көптеген қамалдар мен бекініс шептерін орнатады. Осы әскери тіректерге сүйене отырып, ел ішіне бойлай енеді және жыл сайын тынымсыз ілгері жылжумен болады. Әрине, жергілікті халықпен, яғни, өз жерін қорғаған қазақтар мен орыс әскерлерінің арасындағы қақтығыстар тыйылмайды. Соған орай, Терістік Қазақстан аймағындағы әскери шеп орыстардың өз аузымен “Горькая линия” – яғни, қайғылы шеп, ащы, ауыр шеп аталғаны белгілі. Солженицынның айтқанына сенсек, өзінің ата мекенінде бостан-босқа осындай шеп орнатқан Ресей өкіметі ақымақ болып шығады. Қазақстан отарлана бастаған алғашқы кезеңде, бүкіл XIX ғасырдың ұзына бойында мұндай бекіністер Ресейдің тірек бекеттері қызметін атқарады, бірақ кең байтақ даланың әр тарабында, аралары ондаған шақырымға созылып, қадау-қадау орналасқан қамалдар бұл өлкені орыс мекеніне айналдыра алмады. Кейінгі дәуірде қол жеткен бейбіт келісімдер нәтижесінде аралық аймақта ғана емес, бекіністердің дәл түбінде қазақ ауылдары еркін қоныстанып, ежелгі ата мекенге иелік етіп отырды.

Қазақстанды шын мәнісіндегі түбегейлі отарлау XX ғасырдың бас кезінде, Столыпин заманында өріс алып, советтік-коммунистік билік дәуірінде біржола жүзеге асырылды. Большевик-коммунистер 1932-1933 жылдарда қазақ даласында жаппай ашаршылық ұйымдастырып, қазақ халқының тең жарымынан астамын қырғынға ұшыратқаннан соң жергілікті жұрттың саны ғана азайған жоқ, үлес салмағы да кеміді; соған орай әр түрлі жағдай, әр қилы сылтаумен Қазақстанға миллиондаған келімсектер төгілді. Ақырғы нәтижесін енді ғана көріп отырмыз.

Шовинизмнің дертімен уланған, өрісі тар Солженицын қазақ халқының басынан өткен трагедия жайын білмес, білсе де адамгершілік сезімі қозғалмас, бірақ тым кұрыса орта мектеп дәрежесінде ұғымы бары, яғни Ресейдің жаулаушылық тарихынан хабардар екендігі күмәнсіз. Солженицын Украина турасындағы, Қазақстан турасындағы зорлық сөздері ұлттық намысқа тиетінін, жұрттың ашу-ызасын, наразылығын туғызарын, жергілікті жердегі халықтардың арасына араздық себерін де білмейді емес. Ендеше, осыншама дабыл, қисынсыз өтірік, шексіз арсыздықтың түп тамыры неде? Осының бәрі ең алдымен адамгершіліктің аздығына, ақыл-ойдың шолақтығына емес, атақ-құмар дүмшелікке байланысты. Солженицын жаңа Ресейдің өзгеше сыпаттағы рухани көсеміне айналмақ ниетте. Әуелде советтік қыспақтағы орыс зиялылары, одан соң батыстағы еркін ойлы жұртшылық көтеріп әкеткен

Солженицынның ең басты қасиеті – тоталитарлық жүйені, Гулаг әлемін әшкерелеу болатын. Жалпы жұрттың коммунистік-фашистік тәртіпке қарсы тұншыға булыққан өшпенділік сезімі сол қапастың темір торын айғыздаған қаламгерге деген ықыласқа айналды, яғни, Солженицынды көтерген – басбұзар диссиденттігі; оны айрықша даңққа жеткізген – жазушылық еңбегі емес, диссиденттік қызметі деуге болады. Тақырыбының сонылығы, азаматтық батылдығы даусыз, бірақ суреткерлігі шамалы. Орыс әдебиетінің айтулы шеберлері Солженицынның орташа ғана қаламгер екендігін сол кездің өзінде қапысыз таныған. Өзі де советтік лагерьлерден өткен, осы тақырыпта биік адамгершілікке толы классикалық шығармалар қалдырған Варлам Шаламов Гулаг архипелагы шежіресін, қаншама өтінішіне қарамастан, Солженицынмен бірге жазысудан бас тартқан. Өзінің жарым өмірін советтік лагерьлерде, қалған өмірінің біразын Қазақстанда өткерген, әлемге әйгілі қаламгер Юрий Домбровский Солженицынды орташа ғана жазарман деп білетін. Юрий Осиповичтің бұл орайдағы пікірлерін 1968 жылы Алматыда, өз аузынан естіп едім. Солженицынның бұдан соңғы кезде жазылған диссиденттік жүйедгі көп томдық “Красное колесо” – “Қызыл шеңбер” атты шығармасын қазір ешкім де оқымайды. Дабырамен марқайған, өтпелі, жалған атаққа есірген Солженицын өзінің қаламгерлік қуатының қаншалық екенін де біршама пайымдайтыны байқалады. Биіктен түспеу үшін жаңа бір амалдар қарастырған. Қашанда шалағай жазушыдан дүмше саясаткер озады. Оның айқын мысалы – Жириновский. Солженицын да сол жолға түсті. Бірақ қайтсе де Жириновскийдің дәрежесіне жете алмасы бесенеден белгілі. Ендігі заман басқа. Көсем тұту қайда, бүгінгі Ресейдің озық ойлы азаматтарын былай қойғанда, әсіре ұлтшылдардың өзі Солженицынға күле қарайды, кеміте сөйлейді. Ресей ақпарат құралдарының айтуынша, ел таныған солақай шовинистердің бірі: “Солженицын деген кім сонша! Оның кітаптарын оқыған адам өткен тарих туралы теріс түсінік алады” депті. Енді бірі: “Солженицын өзіне мүлде бейтаныс елге келе жатыр, мұндағы жұрттың оны ұмытып кеткені қашан” депті. Тағы бір қаламгер Солженицынды “Тірі мәйіт” деп бағалаған. Оңнан, солдан шыққан пікірлердің негізі “Солженицынның заманы өтіп кеткен” – деген қорытындыға саяды. Анық ақиқаты да осы. Бірақ түйсіксізге дауа жоқ екен.

Бұдан екі жүз жыл бұрын орыстың ұлы ойшылы Петербург пен Мәскеу аралығындағы жол сапар кітабы арқылы құлдықтағы халқының ауыр тұрмысын әйгілеп, жұртты жарық күнге үндеп еді. Бүгінгі орыс ойшылы Владивостоктан бастап Петербургтен бір-ақ шықпақ. Ұзақтан тартқан кері сапар, дүмше, бұлыңғыр пиғыл, халқын жарыққа емес, түнекке үндейтін тұнжыр инстинкт. Ежелгі орыс ойшылы туған халқын бақытқа бастамақ еді, адамзатқа ортақ игілік пен ізгілікті насихаттап еді, сол жолға басын байлап еді. Бүгінгі ойшыл бөтен жұртты құрбанға шалмақ, өз жұртты батпаққа батырмақ, сөйтіп абырой-атаққа жетпек. Және бұл ісі үшін патша тарапынан да, басқа тарапынан да сөгіс естімесін жақсы біледі. Ескі замандағы орыс ойшылы “Петербургтан Мәскеуге

саяхат” кітабы үшін Ресей патшасының қаһарына ұшырап сотқа тартылды. Сібірге айдалды, ақыры у ішіп, бар азаптан құтылды. Бүгінгі орыс ойшылы “Владивостоктан Петербургқа саяхат” кітабына кірісер-кіріспестен Ресей президентінің мархаматына бөленіп, алғыс естіп жатыр. Айдауға түспейді, у ішпейді. Қалған тіршілігінде қызық көріп өтпек. Бірақ сот бар, у мен от та бар – жаратушының соты, тозақ азабы болар, болмас, бүгінгі халық қарғысы сияқты, ертеңгі тарих соты да анық ақиқат.

Барын түгел Батыстан алған Солженицын Ресейге оралар-оралмастан-ақ өзінің ежелгі, жетесіз мінезімен: “Батыс демократиясы бізге үлгі емес!” – деп жариялады. Сондағы ойлап тапқан, өзгеше өнегелі басқа бір демократиясы – жарты әлем Ресейге тиесілі деген шовинистік сандырақ екен. Батыс демократиясына еліктеп, сол қалпында көшіре салатын – біз маймыл емеспіз деді тағы да. Бұл – Жириновскийді сол қалпында қайталаған адамның аузынан шығар сөз емес еді. Амал не, айтып жіберді. Солженицын мырзамен туыстығымыз жоқ, сондықтан ешкімді қайталамай, осыған мүлде кереғар және анық ақиқат деректі еске салайық. Қазір Ресей құрамында тұрған, кезінде орыс большевиктері теріс бөліп жіберген Орынбор, Омбы облыстарының жарым жері, Қазақстанмен шектес Астрахань, Саратов, Қорған, Челябин, Алтай өлкесінің үлкенді-кішілі мойнақ, пұшпақтары және тағы біраз аймақтағы қаншама қоныс – қазақ халқының ата мекені және әділіне жүгініп, тарихи құжаттарға сүйенсек, Қазақстан республикасына тиесілі. Бірақ, Солженицынның далбаса арандатушылығына қарсы арнайы мақала жазған Қазақстандық белгілі орыс жазушысы Иван Щеголихин айтқандай, біз Ресейге ешқандай шекаралық талаптар қоймаймыз. Әзірше, таяудағы жүз жылда дер едім мен өз тарапымнан. Енді бір жүз жылдан соң, төрт жүз, бес жүз жылдан соң дүниенің қалай айналарын, Еуразиядағы ежелгі жұрттардың ара салмағы қандай боларын кім болжапты. Бұдан бес жүз жыл бұрын дүние басқаша еді ғой. Арғы мың жылдарға бармай-ақ қояйық. Біз ұлы мемлекет құрып, әлемдік мәдениет жасаған кезде бүгінгі орыс жұртының орны ғана бар болатын. Біз Алтын Орда болған кезде қазіргі Ресей соның басыбайлы бір бөлшегі ғана еді. Содан соң дүние кері айналды. Ыдырадық, тоздық, жеңілдік, жер болдық, құлдыққа түстік. Бірақ жалған дүние сол қалпында кетпеді, қайтадан еңсе көтердік, ел болу қамына кірістік. үстемдікке емес, теңдікке ұмтылып отырмыз. Егер өзінің қазіргі ұлан-байтақ жерін толық игере алмай жатқан Ресей демократиялық үлгідегі жаңа ел болудың жолын таппаса, Солженицын сияқты дүмбілез саясаткерлердің сөзіне ерсе, ең алдымен өз тамырына балта шапқаны. Ақтабан-шұбырынды мен алапат аштықты көрген біздің жұрт қандай сойқаннан да аман өтері хақ. Арада екі жүз жыл озған соң, жүз елу миллионға жеткен қазақ арасынан да біреу шығады. Жер көлемі он есе артық, халқының саны он есе кем Ресеймен сол кезде бір сөйлесіп көреміз.

1.VI.1994.



## 2. Сайқымазақ

Батыс жұртының ескі бір нақылы бар: “Тарих екі мәрте қайталаңады: әуелде трагедия ретінде, содан соң фарс, яғни сайқымазақ ретінде” – дейді. Атышулы орыс жазушысы Александр Солженицынның туған еліне оралу оқиғасы осы, екінші кезектегі құбылысқа сәйкес келеді. Әуелгі оралу, алғашқы, трагедиялық оқиға Максим Горький есімімен байланысты болатын. Октябрь төңкерісін, одан соңғы қырғын мен зобалаңды, большевиктік тәртіпті ашына айыптаған Горький бетін теріске бұрады, ата жұртынан кетеді, біржола кеттім деп ойлайды. Алайда, туған жерге деген сағыныш, қаражат тапшылығы, ең бастысы – большевиктік насихат нәтижесінде, кері қайтуға бел байлайды. Максим Горькийдің 1928 жылғы, Ресейдің батыс шекарасынан Мәскеуге дейінгі сапары – сол замандағы коммунистік идеология, советтік мәдениет тарихындағы мерекелі дабыраға, ұран мен үгітке толы өзгеше бір науқан болды: жолдағы әрбір бекет, елді мекен мен қалаларда Горькийді билікке жеткен, жер жүзінде жаңа қоғам орнатуға тиіс жұмысшы, шаруалар табының өкілдері, заманның бастаушы, бағыттаушы күші – коммунист-большевиктер партиясының қайраткерлері, советтік пікірдегі ақын-жазушылар қарсы алып отырды. Оны пролетариаттың ұлы жазушысы, әлем әдебиетінде теңдесі жоқ қаламгер деп мадақтады. Ал Горькийдің Мәскеуге келуі бүкілхалықтық мереке ретінде ұйымдастырылды. Бұл – үлкен трагедияның алғашқы көрінісі ғана екен. Атақ-даңқтан басы айналған, төңірегін оймен, сын көзімен қараудан қалған, ең бастысы, ендігі жерде үнемі бақылау астында болған, темір шеңгелге түскен Горький социализм идеяларын насихаттаумен ғана шектелмеді, большевиктік өкімет ұйымдастырып отырған қылмыс атаулыны ақтады, орыс әдебиетінің ұлы дәстүрлерінен айнып, адамгершілікке қайшы уағыздар айтты, ақырында советтік концлагерь системасын мақтауға дейін барды. Бұл – бір адамның емес, үлкен әдебиеттің, тұтас бір халықтың трагедиясы еді. Өйткені Горький, советтік оқулықтарда белгіленгендей, дүниеде теңдесі жоқ жазушы болмағанымен, қазір айтылып жүргендей, тым қаражаяу қаламгер де емес. Жарлы, кембағал, кіріптар кісілердің адамдық тұлғасын кейіптеген, ізгілікке, бауырмалдыққа үндеген, өз заманындағы әлем әдебиетіне ықпал еткен айтулы суреткер. Қалай десек те, жазушылық қарымы үлкен, Ресей мәдениетінде қалдырған ізі бедерлі. Сондықтан да Горький трагедиясы – кейінгіге зерделі сабақ. Ал кезінде өз елінен қуғындалып кеткен, ешқашан оралмастай көрінген Солженицынның қайтып оралуы – қазіргі, тоталитарлық тәртіп құлап, өркениет пен демократияға аяқ басқан заманда, үлкен жақсылықтың белгісі, трагедиялық емес, салтанатты, қуанышты оқиға болса керек еді. Бірақ Владивостоктан басталып, Мәскеуге дейін жалғасқан екі айға жуық сапар – салтанатты шеру де емес, ойлы, мәнді қауышу да емес, шовинистік, фашистік ұрандарға толы сайқымазақ спектакль сияқты болды. Көбі ақпарат құралдарының

назарынан тысқары қалған қаншама сөздің мәйегі, түйінді қорытындысы – Солженицынның Мәскеудегі Ярослав бекетіндегі және одан соңғы, Ресей теледидарындағы сөздері болса керек. Бұл сұхбат сөздердегі ең үлкен жаңалық – ешқандай тың ой айтылмауы; сол баяғы үйреншікті әуен, шовинистік қыздырма лепес. Кешегі құлап қалған қанды империяның жаңа негізде қайта құрылуын көксейді, Ресейге тиесілі жерлер теріс кесіліп кетті, Қазақстанда бес облысымыз бар дейді. Идеологиялық бағыт-бағдар берумен ғана шектелмей, орысы көп Украина мен Қазақстанға үнемі саяси және басқадай қысым көрсетіп отыру қажет деген нұсқау айтады. Ең соңғы, Ресей теледидарынан сөйлеген сөзінде бұрынғы даналықтарының үстіне тағы бір толғамдар қосыпты. Оның мәнісі – әлемде қазақ деген халықтың бар екендігін мойындамауға саяды. Рас, мұндай халық жоқ демейді. Бірақ Солженицынның пікірінше, бұл жұрт өз алдына ел болып тұруға тиіс емес сияқты. Балтықты да, Орта Азияны да, Терістік Қапқазды да босатып қоя беру керек, ал Қазақстанды тыпыр еткізуге болмайды деген әуен. Орыс жұрты осы Қазақстанда айрықша қорлық көріп отыр екен, қазақтар өздерінің тілін мемлекеттік мәртебеге жеткізген, орыс тілі қатты қыспаққа түсіпті, теледидар мен ақпарат құралдары түгел қазақ тіліне көшірілген, бір жылда жүз мың орыс қашып шығыпты, Қазақстанда ұлтшылдықтың мұндай етек алуына таңырқауға болмайды, мен онда мұғалім болғам, өз көзіммен көргем, сонда қазақ балаларына тек жоғары баға ғана қою шарт еді, ал сабақтан үлгермеген қыздарға екі қоюға болмайтын, енді, міне, сол ұлтшылдық біржола етек алғанына куә болып отырмыз дейді. Солженицынның тәжікке де, чешенге де өкпесі жоқ, мұсылман әлемі, не болса о болсын, басы ауған жағына жүре берсін дейді, бірақ не мұсылман емес, не адам емес, ұлтшылдықтан басқа ешқандай сыпаты жоқ қазақтарды берік ұстау керек, ол үшін Қазақстанның оңтүстік шекарасын бекітіп тастауымыз қажет дейді. Айта берсе бұдан да сорақысы шығады, дауласа берсеңіз өзіңіз де адамдық бейнеден айрыласыз. Ең ғажабы, осындай, жабайы инстинкті деңгейіндегі, арға сыймайтын, адамгершілікпен қабыспайтын сандырақтың бүкіл әлем жұртшылығының алдына тартылуы. Мұндайда қазақ “Ит үреді, керуен көшеді” депті. Кемісітуге ұшыраған, қорланған – қазақ емес, осы сайқымазақ спектакльдің авторы, басты кейіпкері және орындаушысы болып отырған Солженицынның өзі. Содан соң... Қайран орыс әдебиеті! Қайран орыс халқы! Орыс халқы адамзат тарихынан орын алған алыптарды туғызып еді. Орыс әдебиеті өзінің адамгершілік биік қасиетімен әлем мәдениетінің төріне шығып еді. Ендігі көсеміңіз, ендігі үлкен жазушыңыз Солженицын болса, ең алдымен, ұлы орыс халқы, ұлы орыс әдебиеті, Сіздерге қайғырып көңіл айтуға тура келеді.

Айтпақшы, Солженицын өзінің бір сөзінде әйгілі Жириновскийді “Орыс патриотизмінің карикатурасы” депті. Тура айнаға қарап тұрғандай. Бірақ шалағай жазарманмен теңдік дағуасына қиямпұрыс саясаткер келісе қоймас. Ендеше, Солженицын байбаққа: “Темір тұмсық Жириновский төбеңнен ұрсын!” – дегеннен басқа тілек қалмайды.

26.VII.1994.

**“Отаршыл сайқымазаққа” қосымша.** I.XI.1994. Мақалалардың терімі келіп жатқан кезде Солженицын бейбақтың Ресей Мемлекеттік Думасында сөйлеген сөзі жарияға шықты. Бұрынғы сарын, бірақ әжептәуір өзгеріс те байқалады. Украинадан аузы күйген сияқты, ол тарапта өктем лепес жоқ. Мұсылман фундаментализміне бет алған Қапқаз бен Орта Азияны тастап шығу қажетін бұрынғыдай ақылмен емес, үреймен айтады – Салман Рушдидің кебін киюге кім құмар дейсіз. Халқы момын, көсемдері көнбіс Қазақстанды ғана майшелпек көрген мінезінен танбапты. Баяғыда, арып-аршып түрмеден шыққан, Көктеректе қалтақтап жүрген кезінде бұл тажалды мүскін деп аямай, мұғалім деп сыйламай, ескі мақалдың жөнімен жақсылап бір сабап алса ғой, қазір құлағымыз тыныш болатын еді. Қазақ жақсы деп, қазақ та ел, қазақ та адам деп мадақтап жататын еді. Батыр дейтін еді, бағлан дейтін еді, басын босатып қоя беріңдер дейтін еді... Хош, бала болмайық... Басымыз онсыз да бос, керуен баяғыда көшіп кеткен. Тағдырымыз – тәңірінің қолында. Орыстың өзін мезі қыла бастаған Солженицынға соншама мән беріп қажеті де жоқ. Қашанғы айтамыз. “Айтақтай-айтақтай қасқырдан да ұят болды”, – деген екен аталарымыз. Бірақ қасқыр ұялмапты, ел торығанын қоймапты. Атамыз амалсыз атқа мінген, қолына қайың кеспелтек алған... Біз де амалсыз ала қағазға жүгіндік, қолымызға қалам алдық... Қазақтың жазбаша таңбаланған әдебиетінің мың жарым жылдық шежіресі бар, бұдан соңғы ғұмырымыз да отаршыл сайқымазақтың шимай-шатпағынан ұзағырақ боларына нық сенеміз.